

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Ұстаздың үлкен жүрегі

ЖАРИЯЛАНДЫ
26.11.2024СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/170593/>

«Ұстаздық — ұлық емес, ұлы қызмет» деп қазақтың бір туар ұлы, батыр *Бауыржан Момышұлы* айтып өткендей, ұстаз — қарапайым маман иесі болғанымен, олар әрқашан аты үлкен әріппен жазылуға тиісті ұлы тұлға. Ұстаз. Осы бір киелі сөз әр адамның жүрегінде мәңгі ұмытылмайды.

Алғаш мектеп есігін аттаған кезде мені жылы жүзді, бойында балаға деген мейірім шуақ шашып тұрған қасиет тұнған Аймағанбетова Зағипа ұстазымыз қарсы алған болатын. Мейіріммен қарсы алған алғашқы ұстазымыз жүректегі қобалжуды жылы сөзбен сейілтп, білімге деген құштарлығымызды оятты. Ұстазымыз әріп үйретіп, жазу жаздырып, тәртіпке баулыды. Қателік жасағанда жай ғана түсіндіріп, кешіре білді. Жүрегі кең мұғаліміміз бізді ақылды, сабырлы, жинақы болуға тәрбиеледі. Арасында күлкі сыйлап, сабаққа деген ынтамызды арттырып алатын. Ұстазымыз бізге үнемі «жақсы оқыңдар, тәртіпті болыңдар» деп бағыт-бағдар беріп отыратын. «Жақсы маман болу үшін мектептен бастап жақсы оқу керек» дейтін. Соны құлағымызға құйып өскен мен мектеп бітіргенде сол кісідей ұстаз болуды армандадым.

Алғаш қолыма қалам беріп, өмірдің қыр-сырын үйреткен ұстазым өмірден озып кетсе де, менің жүрегімде мәңгі қалары сөзсіз. Ұстаздың қадір-қасиетін де алғашқы ұстазымызға қарап түсіндім. Болашаққа дегенім сенімім мен үмітімді оятқан да осы алғашқы ұстазым болатын. Мен ол кісіден ұстаздың үлкен жүрегін көрдім, сол жүректің жылуын сезіндім, сол кездері үлкен жүрекке менің еркелігім, қателігімнің бәрі сиып кеткенін түсіндім. Ұстаз мамандықтың ғана емес, адамдықтың иесі болу керектігін ісімен, мейірім-махаббатымен ұғындырған ұстаздар ғана балаға бақыт сыйлай алады.

«Мұғалім мамандығы – барлық мамандықтың анасы» деп керемет айтылған. Анамыздай қамқор болған ұстаздарымызға айтар алғысымыз шексіз. Ұстаздың берген тәрбиесі әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ тәрізді, ол адамның тұлға болып қалыптасуына жол сілтейтін құдіретті күш иесі екенін білдік.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.